

Облыстық семинарда көрсетілетін ІТ бөбекжай бақшаның ашылу салтанатының сценарийі

Свет өшірулі. Лазерлі шоу.

Экранның екі жанында хор балалары тұрады. Балбырауын күйінің фонында жүргізушілер мен балалар хоры ортаға шығады

Анель

Елдігімнің еселеніп айбары
Қазақстан жадырады, жайнады.
Тәуелсіз ел атанғалы Отаным
30 жылды босағаға байлады.

Алихан:

Заманауи бүгін күннің талабы
Бақшамызда алға басып барады.
Бақ жұлдызы жауған бүгін күн болсын!
Ел еңсесі болсын мәңгі жоғары

Анель

Қайырлы күн қымбатты қонақтар!

Алихан: Сәлеметсіздер ме?! Анель, Мен біздің Алтын ұямыз ІТ бөбекжай бақшасы болып өзгергеніне қуаныштымын!

Анель: Әрине, біз осы ІТ арқылы әлемдік ақпараттармен таныс боламыз. Олай болса, жаңаша бағытқа бет бұрған «Алтын ұя» бөбекжай бақшамыздың салтанатты шарасына

Бірге: қош келдіңіздер!

Хор: «Менің Қазақстаным!» Ғ.Дауылбаева

Алихан: Анель, бүгін біз қазақ халқымыздың әсем ұлттық киімдерін киіп шыққанымыздың себебін білесің бе?

Анель: Әрине білемін, биыл біздің еліміздің егемендігінің мерей тойы, халқымыз тәу еткен Тәуелсіздік тарихына 30 жыл енді.

Алихан: Дұрыс айтасың, 2021 жылы Қазақстанның Тәуелсіздігінің 30 жылдығы. Анель, менің әкем мен анам 30 жаста. Олар, Тәуелсіздіктің төл құрдастары.

Анель: Алихан, олай болса, Тәуелсіз елдің ұрпақтарын, біздің достарымызды шақырайық!

Балалар бимен ортаға шығады. «Шашу» биі.

Жүргізушілер шығады

Анель: Білім менің ертеңім

Өсу үшін өркенім.

Жүзем оқу айдында

Жайып білім желкенін.

Қиындықтан өтуге,

Армандарға жетуге.

Білім алам ерінбей

Еліме қызмет етуге!

Алихан: Дұрыс айтасың. Адам мен адамды теңестіретін күш – ол тек білім. Ал, біз осы Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында мектеп табалдырығын аттап, үлкен білім ордасына аяқ басамыз. Туған жерді, Отанды жырға қоспаған ақын жоқ, әнмен әуелетпеген әнші жоқ шығар бәлкім. Мұның бәрі егемен еліміздің тәуелсіздік тұғырының 30 жылдығына арналады.

Анель: Мен тәуелсіз еліммен мақтанамын! Қазақстан Республикасының 30 жылдық Тәуелсіздік мерей тойы

Бірге: ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Алихан: Ортада «Бір ел болса» әнімен Нұрали мен Нариман

Анель: Қарсы алыңыздар!

Ән: «Бір ел болса» дуэт.

Барлық қатысушылар сахнаға шығады.

Анель: Осымен бүгінгі шағын концертіміз аяқталды

Алихан: Келесі кездескенше

Бірге: КҮН ЖАҚСЫ!

